

VI бөлім.Қоғам және отбасы тәрбиесі

6.1 Мақсаты: Ата аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру, педагогикалық ұжым алдындағы тапсырмаларды, бірлесіп шешуге үйрету

№	Негізгі әрекет	Іске асыру түрі	Мерзімі	Жауапты
Қыркүйек				
1	«Отбасым бақыт мекенім»	Ата- аналар жиналысы Ата аналар комитетін сайлау Ата аналарды 2023-2024 оқу жылының жоспарларымен таныстыру	27.09.23ж.	«Жолшы»МДҰ
Қазан				
1	1.«Қарты бар үйдің қазынасы бар» 2.«Ұстаздық еткен жалықпас»	Инстаграм парақшасына видео ролик жүктеу	02.10.23ж.	«Күншуақ» тәрбиешілері
2	Қазақстан Республикасы күніне арналған буклеттер «Мен тәуелсіз елдің ұранымын»	Буклеттер Фото альбом	20.10.23ж.	«Еркетай» тәрбиешілері
3	«Күз сыйы»	Көрме		«Күншуақ» тәрбиешілері
Қараша				
1	«Денсаулығы сәбидің, қуанышы әр үйдің	Денсаулық күні	07.10.23ж.	«Еркетай» тәрбиешілері
2	Түрлі түсті жапырақтар	Көрме	17.11.23ж.	«Күншуақ» тәрбиешілері
3	«Тұмаудың алдын алу»	Кеңес	22.11.23ж.	«Еркетай» тәрбиешілері
4	Күздің байлықтары	Жәрмеңке	24.11.23ж.	«Еркетай» тәрбиешілері
Желтоқсан				
1	«Қош келдің Жаңа жыл»	Ата- аналар жиналысы Ата- аналармен бірлескен іс-шара,жыл кешін өткізуге дайындық	19.12.23ж.	«Жолшы»МДҰ
Қаңтар				
1	Денсаулық планетасына саяхат	Саяхат	10.01.24ж.	«Еркетай» тәрбиешілері
2	«Бес тас ойыны»	Сенсорикалық ойын	17.01.24ж.	«Күншуақ» тәрбиешілері
3	Тәрбие отбасынан басталады	Кеңес	25.10.24ж.	«Еркетай» тәрбиешілері
Ақпан				

1	«Бала мінезінде кездесетін оқылықтар»	Кеңес	15.02.24ж.	«Еркетай» тәрбиешілері
2	«Мен азат елдің ұланымын»	Ертеңгілік	23.01.24ж.	«Еркетай» тәрбиешілері
Наурыз				
1	«Ана өмірдің гүлі»	Тағам дайындау	06.03.24ж.	«Күншуақ» тәрбиешілері
2	«Жарасымды отбасы»	Сайыс	20.03.24ж.	«Еркетай» тәрбиешілері
Сәуір				
1	Балабақша үлескісін гүлдендіру	Ата-аналармен бірлескен жұмыс	25.04.24ж.	«Жолшы»МДҰ
Мамыр				
1	Мейірімді отбасы	Ата-аналар жиналысы Ата-аналар комитетінің есебі	30.05.24ж.	«Күншуақ» тәрбиешілері

Хаттама

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Өткізілген күні: 27.09.2023ж

Өткізілген орны: Жолшы бөбекжай- бақшасы

Тобы: Күншуақ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Отбасы – бақыт мекенім» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізу.
2. 2023–2024 оқу жылындағы білім беру және тәрбиелеу жұмыстарының жоспарларымен таныстыру
3. Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.
4. Балалардың қауіпсіздігі, тәрбиесі және балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту мәселелері.
5. Әртүрлі мәселелер.

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ

Жиналысты топ тәрбиешісі ашып, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Сонымен қатар отбасы тәрбиесінің бала өміріндегі маңызы туралы кеңінен айтып өтті. Баланың тәрбиесі ең алдымен отбасынан басталатыны, отбасы – мейірім мен сүйіспеншіліктің, бірлік пен сыйластықтың ордасы екендігі атап өтілді.

Тәрбиеші өз сөзінде балабақша мен ата-ананың бірлескен жұмысы арқылы ғана баланың жан-жақты дамуына қол жеткізуге болатынын айтып, алдағы оқу жылында бірлескен жұмыстардың маңыздылығына тоқталды.

Балалардың тәрбиесі мен білім алуында ата-ананың қолдауы, балаға жылы қарым-қатынас көрсетуі, оның қызығушылығын арттыруы маңызды екені түсіндірілді.

1-МӘСЕЛЕ

сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;

шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру;

ұлттық құндылықтарға баулу; «Отбасы – бақыт мекенім» тақырыбындағы баяндама

Тәрбиеші отбасының бала тәрбиесіндегі рөлі туралы баяндама оқыды.

Баяндама барысында қазіргі қоғамдағы отбасы құндылықтары, ата-ананың

бала алдындағы жауапкершілігі, балаға үлгі болудың маңыздылығы айтылды.

Сондай-ақ баланың бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда ата-ананың тәрбиесі ерекше орын алатыны түсіндірілді. Баланың өзіне деген сенімділігі, ортаға бейімделуі, үлкендермен және құрдастарымен қарым-қатынасы отбасындағы тәрбиеге байланысты екендігі сөз болды.

Ата-аналар өз ойларын ортаға салып, отбасыдағы тәрбие әдістері, балаға көңіл бөлу, ұлттық құндылықтарды дәріптеу жөнінде пікір алмасты.

2-МӘСЕЛЕ

2023–2024 оқу жылының жоспарларымен таныстыру

Тәрбиеші ата-аналарды 2023–2024 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жоспары және жылдық мақсат-міндеттермен таныстырды.

Жоспар бойынша балалармен жүргізілетін жұмыстардың негізгі бағыттары айтылды:

танымдық қабілеттерін дамыту;

денсаулық сақтау технологияларын қолдану;

еңбекке және тазалыққа тәрбиелеу;

ойын арқылы оқыту әдістерін пайдалану;

мерекелік іс-шаралар мен көрмелер өткізу.

Сонымен қатар ата-аналарға балалардың күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекеттер, қауіпсіздік ережелері, санитарлық талаптар туралы толық ақпарат берілді.

Тәрбиеші алдағы уақытта өткізілетін мерекелік шаралар, ашық оқу қызметтері, спорттық сайыстар, көрмелер мен ата-аналармен бірлескен жұмыстар туралы айтып өтті. Ата-аналарға балалардың сабаққа қатысуы, тазалығы, уақытылы келуі және қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі жөнінде ескертілді.

3-МӘСЕЛЕ

Ата-аналар комитетін сайлау

Келесі кезекте топтың ата-аналар комитетін сайлау мәселесі қаралды. Ата-аналар комитетінің міндеттері түсіндірілді. Комитеттің негізгі мақсаты – топтың қоғамдық жұмыстарына белсенді қатысу, балаларға қолайлы орта қалыптастыруға атсалысу және тәрбиешілермен тығыз байланыста жұмыс жүргізу екендігі айтылды.

Ұсынылған ата-аналардың арасынан дауыс беру арқылы төмендегі құрам бекітілді:

Комитет төрайымы: Епешова Р

Комитет мүшелері:

1.Шахметова А

2.Азербаета П

Сайланған ата-аналар комитетіне оқу жылы барысында өткізілетін іс-шараларға ұйымдастырушылық көмек көрсету, ата-аналармен байланыс орнату, балалардың тәрбиесіне байланысты жұмыстарға белсенді қатысу міндеттері жүктелді.

4-МӘСЕЛЕ

Балалардың қауіпсіздігі мен тәртібі туралы

Тәрбиеші балалардың өмір қауіпсіздігіне ерекше тоқталды. Ата-аналарға балаларды балабақшаға уақытылы әкелу және алып кету, балалардың денсаулығына жауапкершілікпен қарау, маусымға сай киіндіру қажеттігі ескертілді.

Сонымен қатар үй жағдайында баламен көбірек сөйлесу, кітап оқу, ойын арқылы дамыту жұмыстарын жүргізу ұсынылды. Балалардың ұялы телефон мен теледидарды ұзақ қарамауы, дұрыс тамақтануы және күн тәртібін сақтау жөнінде кеңестер берілді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. 2023–2024 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жоспары бекітілсін.
2. Балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастық байланыс нығайтылсын.
3. Сайланған ата-аналар комитеті өз жұмыстарын жоспарға сәйкес жүргізісін.
4. Балалардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне ата-аналар тарапынан тұрақты бақылау жасалсын.
5. Топтағы барлық іс-шараларға ата-аналардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.

Жиналыс төрайымы: Утеуова М.К

Хатшы: Тайгужиева Ш.С

Хабарлама

«Жолшы» бөбекжай-бақшасында «Қарты бар үйдің қазынасы бар» тақырыбында тағылымы мол тәрбиелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – балаларға үлкенді сыйлау, ата-әжені құрметтеу, олардың өмірлік тәжірибесі мен ақыл-кеңесінің құндылығын ұғындыру, ұлттық тәрбиені насихаттау болды.

Қазақ халқы ежелден қариясын қадірлеп, төрінен орын берген. «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» деген нақыл сөздің мәнін балаларға түсіндіру арқылы үлкенге ізет, кішіге қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу көзделді. Шара барысында балалар ата-әжелер туралы тақпақтар айтып, әндер орындап, би биледі. Сонымен қатар, ұлттық салт-дәстүрлер жайлы мағлұматтар беріліп, үлкендердің батасының маңызы түсіндірілді.

Іс-шара барысында тәрбиеленушілер қарияларға деген ыстық ықыластарын білдіріп, жүрекжарды тілектерін арнады. Балалардың өнері мен шынайы көңіл-күйлері көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Қонақ ретінде шақырылған ата-әжелер өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, өнегелі әңгімелер айтып берді. Бұл балалардың үлкендерге деген құрмет сезімін арттырып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге ықпал етті.

Осындай тәрбиелік мәні зор іс-шаралар арқылы жас ұрпақтың бойында адамгершілік қасиеттер, мейірімділік, сыйластық пен қамқорлық сезімдері қалыптасады. Ұлттық тәрбие мен отбасылық құндылықтарды дәріптеу – өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі маңызды бағыттардың бірі.

«Қарты бар үйдің қазынасы бар» атты шара жоғары деңгейде өтіп, балаларға да, ата-аналар мен қонақтарға да көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Хабарлама

Балабақшамызда «Күз сыйы» тақырыбында ерекше көрме ұйымдастырылды. Көрменің басты мақсаты – балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, күз мезгілінің ерекшеліктерін таныту, табиғат байлығын қадірлеуге тәрбиелеу және ата-ана мен бала арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Көрмеге тәрбиеленушілер ата-аналарымен бірлесе отырып, күзгі жеміс-жидектерден, көкөністерден, жапырақтардан, табиғи материалдардан түрлі қолөнер бұйымдарын, әсем композициялар мен қызықты бейнелер жасап ұсынды. Әрбір жұмыс ерекше талғаммен, ұқыптылықпен және үлкен шығармашылықпен орындалғаны көрініп тұрды. Балалардың қиялы мен ата-аналардың қолдауы нәтижесінде көрме мазмұнды әрі әсерлі өтті.

Көрме барысында балалар күз мезгілінің молшылығы мен табиғаттың әсемдігін сезініп, эстетикалық талғамдарын дамытты. Сонымен қатар, бірлескен жұмыс арқылы ұйымшылдыққа, еңбекқорлыққа және табиғатты аялауға тәрбиеленді.

Осындай тәрбиелік мәні зор шараға белсене қатысып, өздерінің шығармашылық жұмыстарын ұсынған барлық ата-аналар мен бүлдіршіндерге алғысымызды білдіреміз. Сіздердің қолдауларыңыз бен белсенділіктеріңіз балаларымыздың жан-жақты дамуына үлкен үлес қосады.

«Күз сыйы» көрмесі барша қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, күздің әсем сәттерін паш еткен жарқын шаралардың бірі болды.

Хабарлама

Балабақшамызда күз мезгілінің әсемдігін, табиғаттың сұлулығын және балалар шығармашылығын насихаттау мақсатында «Түрлі түсті жапырақтар» атты көрме ұйымдастырылды. Аталған көрменің негізгі мақсаты – бүлдіршіндердің қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру, күзгі табиғат ерекшеліктерін таныту, эстетикалық талғамдарын дамыту және ата-ана мен бала арасындағы шығармашылық байланысты нығайту болып табылады. Көрмеге тәрбиеленушілер ата-аналарымен бірлесе отырып белсенді қатысып, күзгі жапырақтардан, табиғи материалдардан, бұтақтардан, кептірілген гүлдерден және түрлі сәндік бұйымдардан ерекше қолөнер туындыларын жасап ұсынды. Әрбір жұмыс өзіндік ерекшелігімен, ұқыптылығымен және шығармашылық ізденіспен көзге түсті. Балалардың қиялы мен ата-аналардың қолдауы нәтижесінде көрме мазмұнды да әсерлі өтті. Көрме барысында түрлі түсті жапырақтардан жасалған композициялар, ертегі кейіпкерлері, табиғат көріністері, сәндік паннолар мен әсем безендірілген бұйымдар көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Бүлдіршіндер күздің байлығы мен табиғаттың ғажайып сұлулығын өз жұмыстарында шебер бейнелей білді. Әсіресе балалардың табиғат материалдарын тиімді пайдаланып, өз ойларын шығармашылықпен жеткізе алуы көрменің тәрбиелік маңызын арттыра түсті. Осындай шаралар балалардың танымдық қабілеттерін дамытып қана қоймай, олардың еңбекке деген сүйіспеншілігін қалыптастырады, табиғатты аялауға, сұлулықты сезіне білуге тәрбиелейді. Сонымен қатар, бірлескен жұмыстар арқылы ата-аналар мен балалар арасында жылы қарым-қатынас орнап, өзара түсіністік пен ұйымшылдық нығая түседі. Көрме барысында тәрбиеленушілер күз мезгілі туралы тақпақтар айтып, табиғат жайлы әңгімелермен бөлісіп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Балалардың шат күлкісі мен ерекше туындылары көрменің сәнін келтіріп, барша қатысушыларға күздің керемет көңіл-күйін сезіндірді.

«Түрлі түсті жапырақтар» көрмесі – балалар шығармашылығының, ата-ана қолдауының және табиғатқа деген сүйіспеншіліктің жарқын көрінісі болды. Осындай тәрбиелік мәні зор шараға белсене қатысып, өздерінің әдемі жұмыстарын ұсынған барлық ата-аналарға, бүлдіршіндерге және ұйымдастырушы педагогтерге шынайы алғысымызды білдіреміз.

Балаларымыздың өнерге, шығармашылыққа деген қызығушылығы артып, әрдайым биік белестерден көріне берсін!

Хаттама

Өткізілген күні: 19.12.23ж.

Өткізілген орны: Жолшы бөбекжай- бақшасы

Топ атауы: Күншуақ

Қатысқандар: Тәрбиешілер, ата-аналар, топ тәрбиеленушілері

Тақырыбы: «Қош келдің, Жаңа жыл!»

Мақсаты: Ата-аналармен тығыз байланыс орнату, Жаңа жыл мерекесін жоғары деңгейде ұйымдастыру, балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау және ата-аналарды бірлескен жұмысқа тарту.

Күн тәртібі:

1. Жаңа жыл мерекесінің маңыздылығы туралы түсінік беру.
2. Жаңа жылдық ертеңгілікті өткізуге дайындық жұмыстарын талқылау.
3. Ата-аналармен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру.
4. Балалардың мерекелік киімдері мен қауіпсіздігі туралы түсіндіру.
5. Өртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Жиналысты топ тәрбиешісі ашып, ата-аналарды алда келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтады. Өз сөзінде Жаңа жыл – балалар асыға күтетін ерекше мереке екенін айтып, мерекені әсерлі әрі жоғары деңгейде өткізу үшін ата-аналар мен тәрбиешілердің бірлескен еңбегі маңызды екендігін атап өтті.

Сонымен қатар, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, сахна мәдениетін қалыптастыру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында мерекелік кешке дайындық жұмыстары жүргізіліп жатқандығы айтылды. Балаларға арналған әндер, билер, тақпақтар мен көріністер дайындалып жатқаны туралы ақпарат берілді.

Тәрбиеші ата-аналарға мерекелік безендіру жұмыстарына белсенді қатысуды ұсынып, топ бөлмесін әсемдеу, шырша безендіру, балаларға арналған карнавалдық киімдер дайындау мәселелерін ортаға салды. Сонымен бірге, ата-аналармен бірлескен ойындар мен қызықты сайыстар ұйымдастыру жоспарланғаны айтылды.

Жиналыс барысында балалардың қауіпсіздігі басты назарда болатыны ескертіліп, ертеңгілік кезінде тәртіп сақтау, балаларды уақытылы әкелу және мерекелік киімдердің ыңғайлы болуына мән беру қажеттілігі түсіндірілді.

Ата-аналар тарапынан түрлі ұсыныстар айтылып, мерекелік кешті жоғары деңгейде өткізуге дайын екендіктерін білдірді. Кейбір ата-аналар балаларға арналған тәтті сыйлықтар әзірлеуге, фотозона ұйымдастыруға және музыкалық сүйемелдеуге көмектесетіндерін жеткізді.

Қаулы:

1. «Қош келдің, Жаңа жыл!» ертеңгілігін белгіленген жоспар бойынша өткізу.
2. Топ бөлмесін мерекелік талапқа сай безендіру жұмыстарын ұйымдастыру.
3. Балалардың мерекелік киімдерін уақытылы дайындау.
4. Ата-аналар мен тәрбиешілер бірлесіп мерекелік кештің жоғары деңгейде өтуіне атсалысу.
5. Балалардың қауіпсіздігі мен тәртібін қатаң бақылауда ұстау.

Тәрбиеші: Тайгужиева Ш.С

Хатшы: Утеуова М.Қ

«Жолшы» бөбекжай балабақшасы МКҚК

Тақырыбы: «Бес тас»

Мақсаты: Ой-сананың дамуына, ойыншыны жылдамдыққа, ептілікке, қағылездікке, тез шешім қабылдауға үйрету.

Көрнекілік: Интерактивті тақта, бестас, ұлттық ойындардың суреттері.

Әдісі: Ойын түрінде, сұрақ жауап, бес тас ойынның ойнату

Жүргізуші: Қош келдіңіздер ата аналар, қонақтар, тәрбиеші апайлар
Бүгін бізде Күншуақ тобында ұлттық ойындардың бірі
Қазақтың Бес тас ойыны атты дөңгелек үстелге жиналып
отырмыз. Баршаңызды дастархан басына отыруларыңызды сұраймын.

«Бес тас» — өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ол еңбек құралдары ағаш, тас, сүйек болып келетін ғасырларда пайда болған деп болжанады. Бұл ойынды кезінде жас өспірімдерден бастап ересек адамдарға дейін ойнаған екен. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас, немесе кейде бес асық болып келеді.[1]

Қазақ ұлттық ойындарында "асық ату", "сақина салмақ", "тоғызқұмалақ", "алты бақан", "ақсүйек", "Ләңгі", "Ақ сандық, көк сандық" және "көкпар" қатарлылармен тең тұратын бұл ойынның тарихы да өте ежелгі дәуірлерге барып тірелетіні анық.

Махмұд Қашқаридың «Түркі тілдері сөздігі» еңбегінде бестас ойыны туралы мағлұмат кездеседі. Бұл мағлұматтар арқылы «бестас» ойынының сақ-ғұндардан бері келе жатқан ойын екеніне көз жеткізуге болады. Ойыншыны жылдамдыққа, қағылездікке, тез шешім қабылдауға үйрететін, тарихы сонау ежелден басталатын таспен ойналатын ойынның «бестас» аталу себебі ойында бес тастың пайдаланылуымен байланысты.

Жүргізуші: Ата аналар кім Бестас ойынның ойнап көрді

Ата- ана: мен ойнап көргем

Жүргізуші: керемет.

Ата- ана: ал мен мүлдем ойнап көрмеппін

Жүргізуші: олай болса барлықтарыңызды ортаға шақырамын

Ережепова Айнұр

Епешова Ырысты

Азербайева Перизат

Досбайева Инжу Берікқызы

Бисенбина Айгерім

Бүгінгі шарамыз 3 кезеңнен тұрады

1-кезең Бестас ойынның ойнау

2-кезең Сұрақ-жауап

3-кезең Үй тапсырмасы

Бестас ойынның шартымен таныстырып өтейін(жүргізуші таныстырады)

Ойында бес тасты жерге тастап 1 тасты жоғары лақтырып біртіндеп жинайды, содан соң 2 тасты жоғары лақтырып жердегі тастарды тағы да біртіндеп жинау(осылай ойын жалғаса береді)

Бестас ойыны бірнеше бөлікке бөлінеді. Балта шабу, Тоқылдақ, Тарақтау сияқты кезеңнен тұрады. Үлкендер арасында бестас ойынның жандандыру мақсатында қолға алынып отыр.

Жүргізуші: келесі кезеңге келетін болсақ Сұрақ- жауап

Әр ата анаға жасырынып жазылған қағаз беріледі бір бірлеп алып жауап беру керек

1-сұрақ Өзіңіздің ұнататын ұлттық ойын

2-сұрақ Қандай ұлттық тағам жақсы көресіз

3-сұрақ Бала кезіңізде көбірек ойнаған ойынныңыз

4-сұрақ Отбасыларыңызда ұлттық ойындар ойнатылама

5-сұрақ Жылқы жануарына байланысты қандай ұлттық ойындар білесін.

Жүргізуші: Керемет сұрақтарға жылдам әрі мағыналы жауап бердіңіздер көп рахмет шәйдан алып отырыңыздар.

Келесі кезең Үй тапсырмасы

Жүргізуші: Ата аналарға үй тапсырмасы берілген болатын.

Әр ана ұлттық ойын дайындап келді кезек пен кезек шығып ортаға ойыншыларды шығарып ойнатады

Айнур: Соқыр теке

Ырысты: Ләңкі

Перизат: Арқан тарту

Інжу: Сақина салу

Айгерім: Ұшты ұшты

1-Жүргізуші: көп рақмет ойындарыңыз керемет ұнады

Бүгінгі отырысқа керемет ән дайындап келген Інжу Берікқызын «Ата дәстүр»

Әнімен ортаға шақырамын.

2- Жүргізуші: осымен бүгінгі Бес тас атты дөңгелек үстел мәресіне жетті алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахмет

Сіздерге Күншуақ табының апайлары атынан сыйлықтарын тапсыруға рұқсат етіңіздер.

Сау болыңыздар.

Жолшы бөбекжай бақшасы МКҚК

Ана- өмірдің гүлі

Күншуақ тобының тәрбиешілері: Тайғужиева Ш.С

Утеова М.К

2023-2024 ж

«Ана – өмірдің гүлі»

Мақсаты:

Балалардың анаға деген сүйіспеншілігін арттыру, ананы құрметтеуге тәрбиелеу. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, тағам дайындау барысында ұқыптылыққа, тазалыққа және еңбекқорлыққа баулу. Анаға қамқорлық көрсетуге, сыйластыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

Ана туралы түсініктерін кеңейту;

Балалардың сөйлеу мәдениетін, өнерге деген қызығушылығын дамыту;

Қарапайым тағам дайындау дағдыларын қалыптастыру;

Ұжыммен жұмыс жасауға үйрету;

Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.

Көрнекіліктер:

Гүлдер, шарлар, ана туралы нақыл сөздер, дастархан, жеміс-жидектер, алжапқыштар, аспаз қалпақтары, тағам дайындауға арналған құралдар.

Әуендер:

«Анашым», «Ана туралы жыр» және көңілді балалар әндері.

Ертеңгіліктің барысы

I бөлім. Кіріспе

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті аналар, әжелер және қонақтар!

Бүгінгі «Ана – өмірдің гүлі» атты мерекелік ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Ана – әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақын жанашыры, қамқоршысы, ақылшысы. Ана мейірімі – күннің шуағындай жылы, теңіздей терең.

Сондықтан бүгінгі мерекеміз аяулы аналарымызға арналады.

Балалардың жүрекжарды тілектері мен өнерлерін қабыл алыңыздар!

Балалардың залға кіруі

Балалар әсем әуенмен қолдарына гүл ұстап залға кіреді.

Тақпақтар

1-бала:

Анам менің ардақты,
Жанашырым салмақты.
Қиындықта қасымнан,
Табылатын жан жақын.

2-бала

Анашымды сүйемін,
Айтқан тілін білемін.
Қуантсам деп әрқашан,
Жақсы бала боламын.

3-бала:

Ана деген тірегім,
Ана деген жүрегім.
Анам барда әрқашан,
Бақыттымын мен өзім.

Ән:

«Анашым

Балалар хормен ән орындайды.

II бөлім. Тағам дайындау сайысы

Жүргізуші:

Құрметті аналар!

Бүгін балаларымыз тек ән айтып, би билеп қана қоймай, өздерінің шеберліктерін де көрсетеді. Анасына көмектесетін өнерлі, ұқыпты балалар қарапайым тағам дайындап үйренгендерін ортаға салады.

«Шебер аспаз» бөлімі

Балалар алжапқыш пен аспаз қалпағын киіп шығады.

Тәрбиеші:

Балалар, тағам дайындамас бұрын нені сақтауымыз керек?

Балалардың жауабы:

Тазалық сақтау керек;

Қолды жуу керек;

Ұқыпты болу керек;

Асқа құрметпен қарау керек.

Практикалық бөлім:

«Жеміс салатын дайындау»

Балалар тәрбиешінің көмегімен алдын ала дайындалған жемістерден салат әзірлейді.

Қажетті заттар:

Алма

Банан

Алмұрт

Йогурт

Табақшалар

Балалар жемістерді араластырып, дастарханға әсемдеп қояды

Сергіту сәті:

«Көңілді аспаздар» би

Балалар көңілді әуенмен би билейді.

III бөлім. Аналарға арналған ойын

«Анамды танымын»

Шарты:

Балалардың көзі байланып, өз анасын қолынан немесе дауысынан тануы керек.

«Жылы сөздер»

Балалар аналарына арнап жылы лебіздерін айтады.

Мейірімді анашым!

Ақылды анашым!

Сұлу анашым!

Мен сізді жақсы көремін!

IV бөлім. Қорытынды

Жүргізуші

Ана — тіршіліктің тірегі, отбасының жүрегі. Анаға деген құрмет ешқашан таусылмайды. Бүгінгі балаларымыздың өнері мен ықыласы сіздерге қуаныш сыйлады деп сенеміз.

Құрметті аналар! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақыт тілейміз!

Қорытынды ән:

«Анашым – бақытым»

Балалар ән айтып, аналарға гүлдерін сыйлайды.

Марапаттау бөлімі

Белсенді қатысқан аналар мен балаларға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталады.

Қорытынды сөз:

Осымен «Ана – өмірдің гүлі» атты мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды. Көңіл бөліп келгендеріңізге рақмет!

«Мейірімді отбасы» атты ата-аналар жиналысының хаттамасы

Өткізілген күні: 30.05.2024ж

Өткізілген орны: Жолшы бөбекжай-балабақшасы

Топ атауы: Күншуақ

Қатысушылар: Топ тәрбиешілері, ата-аналар, балабақша әдіскері

Тақырыбы: «Мейірімді отбасы»

Мақсаты: Отбасы құндылықтарын насихаттау, ата-аналар мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлін түсіндіру және балаларға мейірімділік пен қамқорлық қасиеттерін қалыптастыру.

Күн тәртібі:

1. «Мейірімді отбасы» тақырыбында баяндама.
2. Отбасындағы бала тәрбиесінің маңызы.
3. Ата-аналармен пікір алмасу.
4. Балалардың психологиялық және тәрбиелік дамуы туралы түсіндіру жұмыстары.
5. Бірлескен іс-шаралар жоспарын талқылау.
6. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Жиналысты топ тәрбиешісі ашып, ата-аналарды жылы жүзбен қарсы алды. Өз сөзінде отбасы – баланың алғашқы тәрбиелік ортасы екендігін атап өтіп, бала бойындағы барлық жақсы қасиеттер ең алдымен отбасындағы тәрбие арқылы қалыптасатынын айтты. Сонымен қатар, «Мейірімді отбасы» ұғымының мәніне тоқталып, отбасындағы сыйластық, қамқорлық, түсіністік пен сүйіспеншілік бала тәрбиесінде ерекше орын алатынын түсіндірді.

Тәрбиеші ата-аналарға бала тәрбиесінде мейірімді қарым-қатынастың маңызы зор екендігін айтып, әрбір баланың жылы сөзге, қолдауға және ата-анасының махаббатына мұқтаж болатынын жеткізді. Баламен дұрыс қарым-қатынас орнату, оның пікірін тыңдау, жетістігін мадақтау – тұлғалық дамуына оң әсер ететіні туралы кеңінен түсіндірілді.

Жиналыс барысында отбасындағы тәрбиенің бала мінез-құлқына әсері жайлы баяндама оқылды. Онда бала тәрбиесінде ата-ананың жауапкершілігі, үлгі-өнеге көрсету, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мәселелері қамтылды. Сонымен қатар, қазіргі қоғамдағы

бала тәрбиесіне байланысты өзекті мәселелер қозғалып, балалардың қауіпсіздігі мен психологиялық жай-күйіне назар аудару қажеттілігі айтылды.

Ата-аналар өз ойларын ортаға салып, бала тәрбиесіндегі тәжірибелерімен бөлісті. Кейбір ата-аналар отбасында балалармен бірге кітап оқу, ұлттық ойындар ойнау, бірлескен серуен ұйымдастыру сияқты пайдалы әрекеттердің маңызын атап өтті. Пікір алмасу барысында ата-аналар баланың тәрбиесінде балабақша мен отбасының тығыз байланыста болуы маңызды деген ортақ пікірге келді.

Сонымен қатар, жиналыс барысында балалармен бірлескен шығармашылық жұмыстар, мерекелік іс-шаралар, отбасылық сайыстар өткізу жөнінде ұсыныстар айтылды. Ата-аналар мұндай шаралардың балалардың жан-жақты дамуына және отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға ықпал ететінін атап өтті.

Тәрбиеші ата-аналарға балалардың күн тәртібін сақтау, дұрыс тамақтану, тазалық пен қауіпсіздік ережелеріне көңіл бөлу қажеттігін ескертті. Баланың тәрбиесі мен дамуы үздіксіз назар мен қамқорлықты талап ететіні ерекше айтылды.

Қаулы:

1. Отбасындағы бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарау.
2. Балаларға мейірімділік пен қамқорлық көрсету жұмыстарын күшейту.
3. Балабақша мен ата-ана арасындағы байланысты нығайту.
4. Балалардың психологиялық және эмоционалдық дамуына ерекше көңіл бөлу.
5. Бірлескен тәрбиелік және мерекелік іс-шараларға белсенді қатысу.
6. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын тұрақты бақылауда ұстау.

Тәрбиеші: Тайғужиева Ш.С

Хатшы: Утеуова М.Қ